



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымының арнайы шығарылымын жариялау туралы**

*2023 жыл, 27 маусым*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымының арнайы шығарылымы жарияланды.

Арнайы шығарылым 2023 жылғы 25 сәуірде Алматы қаласында «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық шынайылықтың сын-қатерлері» атты Ұлттық Банктің III халықаралық ғылыми-тәжірибелік [конференциясында](#) ұсынылған материалдар бойынша қалыптастырылды.

Шолуда конференцияға қатысушы – Ұлттық Банк қызметкерлерінің, академиялық қоғамдастық, зерттеу орталықтары мен халықаралық ұйым өкілдерінің зерттеу нәтижелері ұсынылды.

Басылымдағы мақалалар конференцияның бағдарламасына сәйкес үш тақырыптық сессияны қамтыған бөлімдерге бөлінді.

- «Ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді стратегиясы: баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бағдарын сандық тұжырымдау» сессиясында инфляция бойынша нысаналы бағдардың оңтайлы деңгейін айқындауға қойылатын тәсілдер, оның әлеуеттік мөлшерін бағалау және қалыптасқан талаптарға сәйкес келуі талқыланды.
- «Макроэкономикалық үйлестіру» сессиясы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы мен макроэкономикалық үйлестіру мәселелеріне арналды.
- «Қазақстан Республикасындағы ішкі инфляцияның сипаты мен оның факторлары» сессиясы инфляциялық процестер мен оны төмендету шараларын түсінуге бағытталды.

Экономикалық шолудың арнайы шығарылымымен Ұлттық Банктің интернет-ресурсында танысуға болады: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/ekonomicheskoe-obozrenie/rubrics/2003>

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)